

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларына біліктілік санаттарын беруге (растауға) аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметі

1	Қызмет көрсетушінің атауы	Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Орта білім комитеті, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармасы, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері, білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері (қолжетімділік арналары)	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: "Электрондық үкімет" порталы egov.kz;"Ұстаз "педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы" ақпараттандыру нысаны.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: бір жұмыс күні
4	Қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Құжаттарды қабылдау туралы хабарлама немесе көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде көрсетіледі.

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Жеке тұлғаларға тегін
7	Жұмыс кестесі	"Электрондық үкімет" порталы арқылы egov.kz және ақпараттандыру объектісі "Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы" ақпараттандыру объектісі - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүтінген кезде, өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру мемлекеттік қызмет көрсету келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

8	Құжаттар тізімі	көрсетілетін қызметті берушіге әне Мемлекеттік корпорацияға: 1) өтініш; 2) білімі туралы диплом (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда); 3) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 4) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда); 5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 6) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (біліктілік санаты бар адамдар үшін); 7) кәсіптік жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар; 8) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар; 9) эссе (250-300 сөз). Жеке басын куәландыратын құжаттар, білімі және еңбек қызметі туралы мәліметтер электрондық үкімет шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынады. 3), 5), 6), 7), 8) тармақтарда көрсетілген құжаттарды "педагог-модератор", "педагог-сарапшы" біліктілік санаттарына аттестатталушылар платформада қалыптастырады.
---	-----------------	---

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау; 2) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің талаптарға сәйкес келмеуі; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар	Аттестаттау оқу жылында 1 рет өткізіледі. Аттестаттауға өтініш білім беру саласындағы уәкілетті органдар айқындаған мерзімдерде қабылданады. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау-ағымдағы оқу жылының қаңтар-тамыз айлары аралығында өтеді. Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77777 болған жағдайда платформада "жеке кабинет" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz.

Педагогтің аттестаттаудан өтуге өтініші

ЖСН _____

(Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Лауазымы, жұмыс орны, электронды поштасы _____

20 ____ жылы біліктілік санатын беру/растау бойынша
аттестатауға жіберуіңізді сұраймын

лауазымы (мамандық)

Қазіргі уақытта ____ (күн) ____ (ай) ____ (жылға) дейін жарамды
_____ біліктілік санатым бар.

Білім беру ұйымының атауы _____

Біліктілік санатын беру/растау тәртібімен таныстым. " ____ " _____ 20 ____ жыл

(қолы)